КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Құжатқа қол қойылған: Абенова А. Ч., 02.03.2026

Заңды күшіне енген күні: 10.04.2026, судья Абенова А. Ч., 16.04.2026

Ш Е Ш І М
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
(қысқаша шешім)

2026 жылғы 02 наурыз №7119-26-00-2/1621 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты судьясы А.Ч.Абенова азаматтық істі оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қарап,

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі» ММ

ЖАУАПКЕР:
«Торговая компания «SABI» ЖШС

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану, шарттың орындалуын қамтамасыз етуді, демпингке қарсы шаралар сомасын және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

Сот АПК-нің 267-4, 223-226 басшылыққа ала отырып

ШЕШТІ:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі» ММ-нің жауапкер «Торговая компания «SABI» ЖШС-н мемлекеттік сатудың жозықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы - қанағаттандырылсын.

«Торговая компания «SABI» ЖШС мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«Торговая компания «SABI» ЖШС-нан мемлекет кірісіне 34 821,54 (отыз төрт мың сегіз жүз жиырма бір) теңге 54 тиын мөлшерінде шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасын, 436 800 (төрт жүз отыз алты мың сегіз жүз) теңге көлемінде демпингке қарсы шаралар сомасын, 17 472 (он жеті мың төрт жүз жетпіс екі) теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбын және 16 836 (он алты мың сегіз жүз отыз алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер қысқартылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс

Министерство финансов Республики Казахстан АМақсұтқызы К

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап арызды алғаны және оның оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралғаны туралы тиісінше хабардар етілмесе және жауап бере алмаса, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер етуі мүмкін дәлелдемелер болса беріледі.

Шешімге тараптар АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, апелляциялық шағым беруге және осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген болса, сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым, наразылық беруі мүмкін.

Судья **А.Ч.Абенова**

Министерство финансов Республики Казахстан\АМақсұтқызы К.

Құжатқа қол қойылған: Абенова А. Ч., 02.03.2026

Заңды күшіне енген күні: 10.04.2026, судья Абенова А. Ч., 16.04.2026

7119-26-3-1/1252